



## 1. Жалпы ережелер

1. «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның аталуын, орналасқан жерін, оның органдарының қалыптасу тәртібін және құзыретін, оның қайта құрылуының және қызметін тоқтатуының шарттарын және Қазақстан Республикасы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де жағдайларды анықтайды.

2. Қоғамның толық аталуы:

1) мемлекеттік тілде: «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: акционерное общество «Южно-Казахстанская медицинская академия»;

Қоғам аталуының қысқартылған түрі:

1) мемлекеттік тілде: «ОҚМА» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «ЮКМА».

3. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: 160019, Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы, Әл-Фараби алаңы, 1.

4. Қоғамның жалғыз акционері (бұдан әрі – Жалғыз акционер) – «Қазақ Инновациялық Университеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

5. Қоғамның өзінің тауарлық белгісі мен фирмалық атауы бар және үлгісі мен қолданылу тәртібін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітетін және белгіленген тәртіпте тіркелетін өзге де нышандары болуы мүмкін, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мөртабандары, фирмалық бланкілері және басқа да деректемелері бар.

## 2. Қоғамның заңды мәртебесі

6. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес теңгерімі, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, міндеттер алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

7. Қоғамның өз атауы бар мөрі, бланктері және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері бар.

8. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпке сәйкес заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

10. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған тәртіппен өзінің орналасқан жерінен басқа жерде, заңды тұлға болып саналмайтын және филиалдар туралы Ережелерінің өзінде Қоғам



атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

### 3. Қоғамның құрылтай құжаттары

11. Осы Жарғы Қоғамның құрылтай құжаты болып саналады. Барлық мүдделі тұлғалардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы Жарғымен танысуға құқығы бар.

### 4. Қоғам қызметінің түрлері

12. Қоғам қызметінің негізгі түрлері:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес барлық дайындық деңгейіндегі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, оның ішінде: техникалық және кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру (колданбалы бакалавриат);

жоғары білімді медициналық, фармацевтикалық, техникалық, жаратылыстану ғылымының және тағы да басқа білім беру бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандарды дайындау, оның ішінде қысқартылған білім беру бағдарламасы бойынша да;

интернатура мен резидентура деңгейінде жоғары білікті мамандар дайындау;

профильді магистратура деңгейінде және магистратура деңгейіндегі жоғары білікті ғылыми-педогогикалық мамандарды, докторантура мен докторантурадан кейінгі мамандарды дайындау;

денсаулық сақтау саласының жоғары білімді медициналық және фармацевтикалық мамандарын, сонымен қатар техникалық және кәсіби білімді мамандарын, соның ішінде жоғары білікті ғылыми-педагогикалық қызметкерлерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін жоғарылату, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіпте қашықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы да;


Қазақстанның, алыс және жақын шет елдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен барлық деңгейдегі білім алушыларды алмасу үшін бағдарлама әзірлеу және жүзеге асыру;

Қазақстанның, алыс және жақын шет елдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен екі дипломды білім беру бағдарламасын бірлесіп әзірлеуге қатысу;

Еуроодақ пен басқа да білім беру бағдарламаларын потенциалды қаржыландыру көздерінің грантты халықаралық бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысу;

Қазақстанның, алыс және жақын шет елдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарындағы дипломдық жұмыстарына (жобаларға) бірлесе жетекшілік жасау;

дайындық бөлімдерінің, курстарының бағдарламаларын жүзеге асыру;



2) оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыс:

Қоғамның оқу-әдістемелік, ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік әдебиеттерін, журналдары мен газеттерін әзірлеу, рецензиялау, баспадан шығару, тираждау және сату, оның ішінде Қоғамның профессор-оқытушылық құрамының еңбектерін электронды тасымалдаушымен де тарату (оның ішінде серіктес жоғары оқу орындарымен бірлесе де), оған қоса оқу-әдістемелік, ғылыми, ғылыми-әдістемелік және ғылыми-тәжірибелік әдебиеттерді сатып алу, оның ішінде Қоғамның профессор-оқытушылық құрамынан электронды тасымалдаушы түрінде де;

денсаулық сақтау мен медициналық білім аумағында оқу-әдістемелік және ғылыми-білім беру шараларын, көрмелерді, семинар, конференция, жиналыстар, форумдар, симпозиумдар, мастер-класстар мен тренингтерді іштей, қашықтықтан және басқа да формаларда ұйымдастыруға қатысу және өткізу (шет елдік серіктес жоғары оқу орындарымен қоса алғанда);

оқу үдерісіне заманауи инновациялық білім беру технологияларын әзірлеуге қатысу және енгізу (оның ішінде электронды да);

оқу-тәрбиелік және ғылыми үдерістерді әдістемелік камтамасыз етуді ұйымдастыру және жетілдіру;

3) профессор-оқытушылық құрам мен Қоғамның қызметкерлерінің әлеуетін көтеру:

профессор-оқытушылық құрамының алдыңғы қатарлы шет елдік жоғары оқу орындарына тағлымдамасын ұйымдастыру;

Қазақстанның, алыс және жақын шет елдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарымен профессор-оқытушылық құрамымен алмасу бағдарламасын ұйымдастыру;

4) клиникалық жұмыс:

тұрғындарға сараптамалық-медициналық, арнайы кеңес берушілік, кешенді медико-диагностикалық, алғашқы медико-санитарлық, мамандырылған және жоғарғы мамандырылған медициналық көмек көрсету, оның ішінде ақылы негізде де;

аурудың алдын алу, диагностикалау және емдеу бойынша денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлескен жұмысты ұйымдастыру, автоматтандырылған компьютерлік жүйені пайдалана отырып, биохимиялық, гематологиялық, функционалды және морфологиялық зерттеулерді өткізуді қоса алғанда;

клиникалық базалардың жұмысын ұйымдастыру;

жеке көпсалалы клиниканың жұмыс істеуі;

Қоғамның базасында интеграциялынған академиялық медициналық орталықтың жұмыс істеуі;

5) инновациялық жұмыстың заманауи инфрақұрылымын жасау:

білім алушылардың әлеуметтік инфрақұрылымын камтамасыз ету (жатақханалардың жұмыс істеуі);

материалдық-техникалық базаның, білім беру және ғылыми инфрақұрылымның білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулерін камтамасыз ету (оқу ғимараттарының, технологиялық жабдықтардың өндірістік



кешенінің және ғылыми зерттеулерді коммерциализациялау офистерінің жұмыс істеуі);

6) Қоғамның институционалды ғылыми әлеуетін дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру:

алдыңғы қатарлы шет елдік жоғары оқу орындары және ғылыми орталықтарымен бірлескен ғылыми бағдарламаларды жүзеге асыру;

Қоғамдағы локальді этикалық комиссияның тиімді қызмет жасауы;

ғылыми әзірлемелерді коммерциализациялау;

ғылыми-зерттеу кадрларының және ғылыми-инновациялық үдеріс менеджерлерінің әлеуетін көтеру;

ғылыми әзірлемелердің сыртқы қаржыландырылуын тарту;

халықаралық ғылыми жобаларға және гранттарға қатысу;

денсаулық сақтау мен фармацияның, медициналық және фармацевтикалық білім берудің мәселелері бойынша іздену, фундаментальді, колданбалы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу және медицина мен фармацияның тағы да басқа әлеуметтік саладағы маңызды мәселелердің шешімін табуға бағытталған зерттеулер жүргізу;

ғылыми-педогогикалық қызметкерлер мен білім алушылардың ғылыми зерттеулері мен шығармашылық қызметі арқылы фармацевтикалық және медико-биологиялық ғылымды дамыту, алынған нәтижелерді білім беру процесі мен денсаулық сақтау практикасында пайдалану;

ғылыми-зерттеу және білім беру қызметінің шеңберінде медициналық препараттарды, байлап-тану материалдарын, медициналық тұрғыда пайдалану заттарын, тағам өнімдерін, косметикалық тауарларды және емдеу-диагностикалық аппаратураларды клиникаға дейінгі, зертханалық және клиникалық сынақтан өткізу;

оқу үдерісі мен ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін тәжірибелік жануарларды өсіру (виварийдың жұмыс істеуі);


халықаралық бағдарламалар бойынша шет елдік мамандарды тарту арқылы мамандарды даярлауға, қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға қатысу және шетелдік мамандармен бірлесіп жүргізілетін ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;

7) оқыту жұмыстарын және ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру үшін нормативтік талаптарға сәйкес материалдармен, техникамен қамтамасыз ету, жабдықтау;

8) негізгі жұмыстың барлық бағыттары бойынша шет елдік ұйымдармен тікелей шарттар мен келісімшарттар жасасу, ғалымдар мен мамандардың уақытша ұжымын жасау, халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың жұмысына қатысу;

9) білім алу, тағылымдамадан өту, ғылыми зерттеулер жүргізу, тәжірибе алмасу және біліктілікті арттыру үшін студенттерді, магистранттарды және оқытушыларды (соның ішінде алмасу тәртібінде де) басқа мемлекеттерге жіберу;

10) өзге де коммерциялық қызмет:



фармацевтикалық қызмет (дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды көтерме және бөлшек саудада өткізу, сондай-ақ дәрілік заттар мен биологиялық активті қоспаларды өндіру);

стоматологиялық қызмет көрсету.

14. Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болғанда ғана жүзеге асырады.

**5. Оқуға қабылдау тәртібі, білім беру процесін (оқу және тәрбие) ұйымдастыру. Қоғамда білім алушылардың білімін ағымдық бақылау және аралық аттестаттау жүйесі**

15. Қоғамның білім беру қызметін іске асыру құқығы лицензия алған уақыттан басталады және оның мерзімі аяқталған, Қазақстан Республикасы заңнамасында көрсетілген тәртіпте кері қайтарылған немесе оны жарамсыз деп таныған сәттен бастап тоқтатылады.

16. Азаматты оқуға қабылдаған кезде, оның талап етуімен, Қоғам азаматқа және (немесе) оның ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне Жарғысымен, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензиямен, қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие процесін реттейтін өзге де құжаттармен, құрылымымен, осы Қоғамда жүргізілетін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беретін білім беру деңгейімен және таңдаған мамандығының біліктілігімен танысу мүмкіндігін беруге міндетті.

17. Қоғам жоғары оқу орнына қабылдау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекітетін Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібінің үлгі ережесіне сәйкес белгілейді.


18. Оқыту тілі: мемлекеттік тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.

19. Студенттерді қабылдау контингенті мемлекеттік білім беру грантын, Қоғам тағайындаған білім беру грантын иеленген азаматтардың және оқу ақысын өз қаражаты немесе өзге қаражат көздері есебінен төлеген азаматтардың саны бойынша анықталады.

20. Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібінің үлгі ережесінде басқаша көрсетілмесе, білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін лицензияға сәйкес, ақылы негізде оқитын білім алушылар қатарына қабылдау тәртібін, көлемін, Қоғам өзі белгілейді.

21. Қазақстан Республикасының азаматтары, егер аталған білім деңгейін бірінші рет алатын болса, жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандарты аясында мемлекеттік білім тапсырысына сәйкес, аттестациядан және аккредитациядан өткен Қоғамда жүзеге асырылатын білім деңгейлері мен дайындық бағдарламалары бойынша білімді конкурстық негізде тегін алуға құқылы.

22. Шетелдік азаматтар мемлекетаралық келісімдер, Қоғамның шетелдің оқу орындарымен және ұйымдарымен жасаған келісімшарттары немесе жеке келісімшарттар негізінде білім алудың барлық деңгейіне оқуға



кабылдана алады.

23. Оқыту процесі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМБС) және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылады.

24. Қоғамның негізгі құрылымдық бөлімшелері – Қазақстан Республикасы заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес қызмет ететін факультеттер, офистер, кафедралар, зертханалар, басқармалар, технологиялық парктер, бөлімдер, қызметтер, секторлар, медициналық және ғылыми-білім беру орталықтары, колледж, филиалдар (өкілеттіліктер).

25. Қоғамда саяси мақсатты көздемейтін оқытушылардың, қызметкерлердің, жұмыс берушілер мен білім алушылардың оқу-әдістемелік және ғылыми бірлестіктер, комиссиялар, орталықтар, кеңестер, қауымдастықтар, комитеттер мен қоғамдар құруға болады.

26. Қоғамда PhD докторантураның докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған диссертация жұмыстарын қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңестер белгіленген тәртіппен құрылады және ғылыми, оқу-әдістемелік семинарлар мен конференциялар ұйымдастырылады және өткізіледі.

27. Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау тәртібін білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен «Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі туралы Ереже» негізінде оқу процесінің кестесіне және академиялық күнтізбесіне сәйкес Қоғам өзі белгілейді.

28. Қоғамның тәрбиелік міндеттері білім алушылардың, оқытушылардың, қызметкерлердің бірлесе атқаратын оқу, ғылыми, шығармашылық, өндірістік қызметтерімен қатар жүзеге асырылады.

29. Қоғамдағы тәртіп білім алушылар мен оқытушылардың адами құндылықтарды өзара сыйлауы негізінде сақталады. Білім алушыларға қатысты күштеп мәжбүрлеу әдістерін қолдануға, моральдық және психологиялық зорлық-зомбылық көрсетуге тыйым салынады.

30. Қоғамда нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік ымыраға келе алмаушылық және ерекшелік туралы үгіт-насихаттарды, милитаристік және жалпыға ортақ халықаралық құқық пен гуманизм қағидаларына қайшы келетін басқа да идеяларды таратуға тыйым салынады.

31. Білім беру ұйымының білім алушымен және (немесе) оның ата-анасымен және өзге де заңды өкілдермен өзара қарым-қатынасы білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарт жасау түрінде ресімделеді.

## **6. Білім алушыны ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібі**

32. Білім алушыны ауыстыру, қайта қабылдау, және оқудан шығару тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және Қоғамның ішкі актілерімен реттеледі.



## 7. Білім алушылардың білім деңгейін бақылау

33. Білім алушылардың білім деңгейін бақылау Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес және Қоғамның ішкі актілерімен реттеледі.

## 8. Білім алушылардың білімін бағалаудың рейтингтік жүйесі

34. Бақылаудың барлық түрі бойынша білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау: білім алушылардың оқудағы жетістіктерін тексеру үшін бақылаудың және аттестаттаудың әртүрлі үлгісі қарастырылады. Білім алушының оқу жетістігін бақылау нәтижесін халықаралық білім кеңістігінде мойындалуын қамтамасыз ету үшін білім деңгейін бағалау Қазақстан Республикасында әрекеттегі заңнамалармен қарастырылған тәртіпте балдық-рейтингтік әріптік жүйе бойынша жүргізіледі.

## 9. Қоғамның құқықтары мен міндеттері

35. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған барлық құқықтарға ие және міндеттерді орындайды.

36. Қоғам өз атынан мәміле жасасуға (келісімшарттар, келісімшарттар), мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттер алуға, сотта талапкер мен жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы емес басқа да әрекеттерді іске асыруға құқылы.

37. Қоғам зияткерлік меншік объектілерінің ерекше құқығына ие болады және зияткерлік меншік объектілерін лицензиялық келісімшарт (келісім) негізінде қолдана алады.


38. Қоғам бағалы қағаздарды шығара алады және оның шығарылымы, орналасуы, айналымы мен өтеу шарты және тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленеді.

39. Қоғам қызметкерлердің еңбекақысын төлеу, материалдық-техникалық қамтамасыз ету, әлеуметтік даму, табысты бөлу, кадрларды іріктеу мен орналастыру, кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі, оның ішінде шетелдік бағдарламаларды іске асыруға қатысты мәселелерді Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзі шешеді.

40. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз құзыреті шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады. Қоғам Жалғыз акционердің мүлкінен оқшауланған мүлікке ие және оның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды. Қоғам өз мүлкі шеңберінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапты.

41. Қоғам заңнамамен белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы аумағында және оның аумағынан тыс жерде орналасқан банк және басқа да қаржы мекемелерінде ұлттық валютада, шетелдік валютада шоттар ашады;



2) өзінің карамағындағы уақытша бос қаражатты қаржылық құралдарға үлестіреді.

42. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазақстандық, шетелдік заңды және жеке тұлғалардан ұлттық валютада және шетелдік валютада несие және кредит алуға, оны қолдануға құқылы.

43. Қоғам ішкі нормативтік-техникалық және корпоративтік құжаттаманы әзірлейді және бекітеді.

44. Қоғам Қазақстан Республикасында және шетелде өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құра алады және өзінің меншіктік мүлкі есебінен оларға негізгі және айналымдық қаржыны үлестіреді және қолданыстағы заңнамаға сәйкес олардың қызметінің тәртібін анықтайды. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі олардың жеке балансында және Қоғамның жалпы балансында есептелінеді.

Филиалдардың немесе өкілдіктердің қызметін Қоғам Басқармасының мақұлдауымен Қоғам Ректоры тағайындаған тұлғалар басқарады. Филиалдардың және өкілдіктердің басшылары Қоғам берген сенімхат негізінде әрекет етеді.

45. Қоғам Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарға ие және басқа да міндеттерді орындайды.

## 10. Жалғыз акционердің құқықтары мен міндеттері


46. Жалғыз акционер құқылы:

- 1) дивидендтер алуға;
- 2) осы Жарғыда анықталған тәртіппен Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, онымен қоса Қоғамның қаржылық есебімен танысуға;
- 3) Қоғамның тіркеушісінен немесе номиналды ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;
- 4) қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;
- 5) қоғам органдары қабылдаған шешімді сот тәртібімен даулауға;
- 6) қоғам қызметі жөнінде мәлімет алу үшін Қоғамға жазбаша өтініш білдіруге және өтініш түскен күннен бастап отыз күн мерзім ішінде оған дәлелді жауапты алуға;
- 7) қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігін алуға;
- 8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға;
- 9) Директорлар кеңесінің мәжілісін шақыруды талап етуге;
- 10) өз қаражаты есебінен немесе Қоғам қаражаты есебінен аудиторлық ұйымның Қоғамда аудит өткізуін талап етуге құқылы.

47. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған басқа да құқықтарға ие бола алады.

48. Қоғамның Жалғыз акционерінің міндеттері:

- 1) акцияларды төлеуге;



2) осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

4) Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

## 11. Қоғамның акциялары және басқа да бағалы қағаздары

49. Қоғам тек жай акциялар шығарады. Жай акция дауыс беруге енгізілетін барлық мәселелерді шешкен кезде акционерге шешім қабылдау құқығын береді. Жай акция акционерге Қоғамда таза табыс болған жағдайда дивидендтер алу құқығын, сондай-ақ қоғам таратылған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын береді.

50. Қоғам акциялары құжатталмаған түрде шығарылады.

51. Қоғамның жарияланған акцияларының саны шегінде Қоғам акцияларын орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны және оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешімді Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды.

52. Қоғам өзінің акцияларын олардың шығарылымы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін орналастырады.

53. Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, орналастырылатын акцияларды төлеу үшін ақша, мүлдіктік құқық (оның ішінде зияткерлік меншік объектілеріне ие болу құқығы) және өзге де мүлік қолданылуы мүмкін.


Ақшадан басқа, өзге мүлік арқылы төлеу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген қолданыстағы лицензия негізінде әрекет ететін бағалаушы анықтаған баға бойынша жүзеге асырылады.

54. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін қалыптастыруды, жүргізуді және сақтауды Қоғамның тәуелсіз тіркеушісі жүзеге асырады, ол қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасалынған келісімшарт негізінде қызмет ететін тәуелсіз тіркеуші Қоғамның және оның аффилиирленген тұлғаларының аффилиирленген тұлғасы болмауы тиіс.

55. Қоғам орналастырылған акцияларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайда ғана кепілдік ретінде қабылдайды.

56. Қоғам акцияларын кепілге салу құқығын қоғам Жарғысының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауға болмайды.

57. Қолданыстағы заңнамамен реттелмеген акциялардың шығарылымы, қозғалысы және есепке алынуы жөніндегі басқа мәселелерді Жалғыз акционер қолданыстағы заңнамаға сәйкес акцияларды шығару туралы шешім



қабылдау кезінде анықтайды.

## 12. Дивидендтер

58. Дивиденд - Қоғамның Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес Жалғыз акционердің өзіне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін табыс.

Дивидендтер төлеу ақшамен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы арқылы жүргізіледі.

59. Қоғам Ректоры алдыңғы жылдың 1 сәуіріне дейін Жалғыз акционерге оның меншігіндегі акциялар пакетінің дивиденд мөлшерінің болжамды көрсеткішін ұсынады.

60. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көрсетілмесе Жалғыз акционер жылдың қорытындысы бойынша жай акцияға дивидендтер төлеу туралы шешім шығарады.

61. Дивидендтерді есептеу туралы шешім қабылдаған кезде, жыл қорытындысы бойынша дивидендтер Жалғыз акционер белгілеген мерзімде төленеді.

62. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда карастырылған өзінің құзыреті шегінде жыл қорытындысы бойынша жай акцияға дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдауға құқығы бар және ол шешім қабылданған күннен бастап он күн мерзімде міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

63. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күні ішінде бұл шешім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

64. Дивидендтерді төлеу туралы шешім мынадай ақпараттарды қамтуы тиіс:

1) Қоғамның атауы, орналасқан жері, банктік және өзге де реквизиттері;

2) дивидендтер төленетін кезеңді;

3) бір жай акцияға шаққандағы дивидендтің мөлшері;

4) дивидендтерді төлеу мерзімінің басталған күнін;

5) дивидендтерді төлеудің тәртібі мен түрін қамтуы тиіс.

65. Жалғыз акционер қоғам берешегінің жиналып қалу мерзіміне карамастан, алынбаған дивидендтерді төлеуді талап етуге құқылы.

Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда, Жалғыз акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландырудың ресми ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

66. Қоғамның өз капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса, егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі

немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса, Жалғыз акционерге жай акциялар бойынша дивидендтер төлеуге тыйым салынады.

67. Қоғам дивидендтерді заңнамада қарастырылған тәртіпте төлейді.

### 13. Қоғам органдары

68. Қоғам органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы – Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы орган – Атқарушы орган қызметін жеке-дара жүзеге асыратын тұлға – Ректор;
- 4) бақылау органы - Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыру үшін ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

### 14. Қоғамның Жалғыз акционері

69. Қазақстан Республикасы заңнамасында және осы Жарғыда қарастырылған жалпы акционерлер жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер жөніндегі шешімдерді, Қоғам акциялары пакетінің жүз пайызын иелену, пайдалану және басқару құқығына ие Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамаларына және осы Жарғыға сәйкес қабылдайды және шешім белгіленген тәртіпте ресімделеді.

70. Жалғыз акционер жылсайын қаржылық жыл аяқталғаннан кейін, бес ай ішінде акционерлердің жылдық жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша шешім қабылдауға міндетті. Есептілік кезеңінде Қоғам қызметінің аудитін аяқтау мүмкін болмаған жағдайда аталған мерзім үш айға ұзартылады.


71. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне қатысты мәселелерді Қоғам Ректоры және Директорлар кеңесі әзірлейді.

72. Жалғыз акционердің құзыретіне жататын жылсайынғы мәселелерді оның қарауына ұсыну туралы бастаманы Директорлар кеңесі көтереді.

73. Жалғыз акционердің қарауына ұсынылған мәселелер жөніндегі материалдар осы мәселе бойынша дұрыс шешім қабылдауға қажетті көлемдегі ақпаратты қамтуы тиіс.

74. Қоғам органының мүшелерін сайлау мәселесіне қатысты материалдарда үміткерлер туралы мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- 1) тегі, аты, қалауы бойынша – әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) Қоғамға аффилиирленділігі жөніндегі мәлімет;
- 4) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары және атқарған қызметі туралы мәлімет;
- 5) үміткердің біліктілігін, жұмыс өтілін растайтын өзге де мәліметтер.



75. Директорлар кеңесін сайлау мәселесі бойынша Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын материалда Директорлар кеңесі мүшесіне ұсынылып отырған үміткер Жалғыз акционердің өкілі және (немесе) Қоғамның тәуелсіз директоры қызметіне ұсынылып отырған үміткер екендігі көрсетілуі тиіс.

76. Жалпы акционерлердің жылдық жиналасының құзыретіне қатысты мәселелер бойынша Жалғыз акционердің қарауына ұсынылатын материалда:

- 1) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігі;
- 2) өткен жылдың жылдық қаржылық есептілігіне жүргізілген аудиторлық есеп;
- 3) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қарастырылмаса, өткен қаржылық жылдағы Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясы есебімен бір жылдағы дивиденд мөлшері туралы Директорлар кеңесінің ұсынысы;

4) бастамашының қалауы бойынша өзге де құжаттар болуы қажет.

77. Жалғыз акционер қабылдаған шешімдердің көшірмесі Қоғам Рectorында сақталуы тиіс және Жалғыз акционерге таныстыру мақсатында кез келген уақытта ұсынылады.

### 15. Жалғыз акционердің ерекше құзыреті

78. Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:

1) Қоғам жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

2) Қоғамның корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекіту;

3) Қоғамды ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;

4) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

6) Қоғамның жай акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;


7) орналастырылған акциялардың бір түрін акциялардың басқа түріне айырбастау туралы шешім қабылдау, мұндай айырбастаудың шарттары мен тәртібін айқындау;

8) Директорлар кеңесінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, оның Төрағасын және мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің Төрағасына және мүшелеріне олардың өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақы төлеудің және шығыстарын өтеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

10) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін бекіту;

11) Қоғамның есепті қаржы жылындағы таза табысын бөлу тәртібін



бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту;

12) Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;

13) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;

14) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан да көп процентін құрайтын сомадағы активтердің бір немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы қоғамның өзге де заңды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне қатысуы не өзге де заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;

15) Қоғам акцияларды Заңға сәйкес сатып алған жағдайда олардың құнын белгілеу әдістемені бекіту);

16) Қоғам Ректорын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау, сондай-ақ лауазымдық айлықақының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау;

17) нәтижесінде елу және одан да көп пайызы иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) мәміле туралы шешімді қабылдау күніне құны Қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеліктен шығаратын (иеліктен шығаруы мүмкін) ірі мәмілені Қоғамның жасасуы туралы шешім қабылдауы;

18) шешім қабылдау Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

79. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша қарастырылмаса Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауды Қоғамның басқа органдарына, лауазымдық тұлғалары мен қызметкерлеріне тапсыруға рұқсат етілмейді.


## 16. Қоғамның Директорлар кеңесі

80. Директорлар кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сай Жалғыз акционердің ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелер шешімінен басқа, Қоғам қызметіне қатысты жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері осы бөлімде белгіленген тәртіппен қабылданады.

81. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне (мемлекеттік қызметшілерден басқа мүшелеріне) міндеттерін орындау кезінде Жалғыз акционердің шешімі бойынша сыйақы төленуі және (немесе) оларға Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесі функциясын атқаруға қатысты шығындарының өтемақысы төленуі мүмкін. Аталған сыйақы мен өтемақы мөлшері осы Жарғыға сәйкес, Жалғыз акционердің шешімі негізінде белгіленеді.

82. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне жататын мәселелер:

1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын және Қоғамның даму стратегиясын айқындау;



2) Жалғыз акционердің карауына мәселелерді, оның ішінде корпоративтік басқару кодексін, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді ұсыну;

3) жарияланған акциялар саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялар саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;

4) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;

5) Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

6) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі қызметкерлеріне еңбекақы және сыйлықақы төлеудің мөлшері мен талаптарын айқындау;

7) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

8) қаржылық есептіліктің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сондай-ақ Қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

9) Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Директорлар кеңесімен бекітілетін құжаттар тізімі (бұған Қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында Рector бекітетін құжаттар қосылмайды);

10) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

11) Қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп пайызын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (иелігінен шығару) туралы шешімдерін қабылдау;

12) Қоғамның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын шамаға көбейту;


13) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

14) осы Жарғының 78 тармағының 17) тармақшасына сәйкес жасалуы туралы шешім Қоғамның Жалғыз акционерімен қабылданатын ірі мәмілелерді қоспағанда, ірі мәмілелер және жасалуына Қоғам мүдделі мәмілелер жасасуы туралы шешімдер қабылдау;

15) Директорлар кеңесінің комитеттері құрамын белгілеу және құру және комитеттері туралы ережелерді бекіту;

16) Қоғамның құрылымын және қызметкерлердің жалпы санын бекіту;

17) Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген. Жалғыз



акционердің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

83. Тізімі осы Жарғының 82-тармағында бекітілген мәселелерді шешу құқығы Қоғам Ректорына берілмейді.

84. Директорлар кеңесінің осы Жарғы бойынша Қоғам Ректорының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқығы жоқ, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешіміне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқығы жоқ.

85. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына сайланған тұлғалар шектелмеген мерзімге қайта сайлана береді.

86. Жалғыз акционердің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

87. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционердің жаңа Директорлар кеңесін сайлау туралы шешімі қабылданғанда тоқтатылады. Директорлар кеңесінің мүшесі өкілеттігін өз еркімен мерзімінен бұрын тоқтату үшін Директорлар кеңесіне ол туралы жазбаша хабарландыру береді.

88. Директорлар кеңесі аталған хабарландыруды алған мезеттен бастап Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі тоқтатылады.

89. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылып, Жалғыз акционер шешімімен Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі сайланғанда (тағайындалғанда), соңғысының өкілеттігі Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттік мерзімімен бірге бір мезгілде тоқтатылады.

90. Директорлар кеңесі мүшесінің саны үштен кем болмайды. Директорлар кеңесінің мүшесі саналатын тәуелсіз директорлар саны Директорлар кеңесі мүшелері санының үштен бір бөлігінен кем болмауы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып тек жеке тұлғалар сайланады. Директорлар кеңесіне сайланатын тұлғаға қойылатын талаптар Заңмен және Қоғам Жарғысымен бекітіледі.

Директорлар кеңесі мүшелігіне кандидаттар мен Директорлар кеңесінің мүшелерінің Жалғыз акционер мен Қоғам мүдделері үшін міндеттемелерді орындауға және Директорлар кеңесі жұмысын тиімді ұйымдастыруға қажетті тиісті тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік, салалық ортада позитивті жетістіктері болуы қажет.

91. Қоғам Ректоры Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланбайды.

92. Директорлар кеңесінің Төрағасы Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен:

- 1) Қоғамның Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесі отырысын шақырады және оған төрағалық етеді;
- 3) Директорлар кеңесі отырысының хаттамаларын жүргізу жұмысын ұйымдастырады және хаттамаларға қол қояды;
- 4) Қоғамның атынан Қоғамның Ректорымен еңбек шартын жасасады және Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес оның лауазымдық айтықакы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ  
МИНИСТРІГІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛАСТЫҚ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ  
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӨП-ФАРАБИ  
АУДАНЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
**ТЕКСЕРІЛДІ**

мөлшерін белгілейді. Мұндай жағдайда Қоғам Ректорының жауапкершілігі мен оны материалдық көтермелеу Қоғам қызметінің нәтижелері мен стратегиялық жоспардың орындалуына тікелей байланыстылығы аталған шартта ескерілуі тиіс.

93. Директорлар кеңесінің Төрағасы болмаған жағдайда, оның міндеттерін Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Директорлар кеңесінің бір мүшесі орындайды.

94. Директорлар кеңесінің отырыстары белгіленген тәртіппен бекітілген жұмыс жоспарына сай тұрақты түрде бір тоқсанда бір рет өткізіледі.

95. Директорлар кеңесінің отырысы Қоғам Ректорының немесе Қоғам Басқармасының бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін немесе:

- 1) Жалғыз акционердің;
- 2) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 3) Қоғамның аудитін жүргізуші аудиторлық ұйымның;
- 4) ішкі аудит қызметінің талап етуімен шақырылуы мүмкін.

96. Директорлар кеңесі отырысын шақыру талабы Директорлар кеңесінің Төрағасына тиісті жазбаша хабарламаны жіберу арқылы іске асырылады. Ол хабарламада отырыстың күн тәртібінен басқа мына ақпараттар:

- отырысқа бастама жасаушы туралы ақпарат (талап етушінің тегі, аты, әкесінің аты немесе органның не заңды тұлғаның атауы);

- шешімді қабылдау түрі (ашық отырыста немесе сырттай дауыс беру арқылы);

- отырысты өткізу күні немесе сырттай дауыс берген жағдайда қол қойылған дауыс беру бюллетендерін қабылдаудың соңғы күні;

- қойылған талаптарға жауапты жөнелту үшін мекенжайы туралы ақпарат қоса ұсынылады.

Сонымен қатар, Директорлар кеңесі отырысын шақыру талабында мынадай ақпараттар болуы мүмкін:

- күн тәртібіндегі мәселелер бойынша шешімдер жобасы;

- отырысты өткізуге бастама берушінің қалауы бойынша көрсетілген басқа да ақпарат.

Директорлар кеңесінің Төрағасы отырысты өткізуден бас тартса, бастамашы аталған талаптарымен Қоғам Ректорына жүгінуге құқығы бар. Ал Басқарма Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге міндетті.

97. Директорлар кеңесі отырысын шақыру талабы түскен күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірмей Директорлар кеңесінің Төрағасы немесе Қоғам Ректоры кеңесін шақырады. Қоғам қызметіне қатысты қандай да бір мәселені шұғыл шешу қажеттілігі туындаған жағдайда, Директорлар кеңесінің отырысы Директорлар кеңесі отырысына дейін күнтізбелік бес күн бұрын шақырылуы мүмкін.

98. Директорлар кеңесінің отырысына аталған талаптарды ұсынған тұлға міндетті түрде қатысады.



99. Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы жазбаша хабарландыру Директорлар кеңесі мүшелеріне отырысты өткізу күнінен бұрын күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс. Жазбаша хабарландыруға Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса беріледі. Директорлар кеңесі отырысын шұғыл өткізу туралы жазбаша (отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар қоса берілген) хабарландыру Директорлар кеңесі мүшелеріне отырысты шұғыл өткізу күнінен бұрын күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жіберілуі тиіс.

100. Директорлар кеңесі отырысын өткізу туралы хабарламада оны өткізу күні, уақыты мен орны, күн тәртібі, сондай-ақ ашық отырыс өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесі мүшесінің қатыса алмауына байланысты күн тәртібі мәселесі бойынша дауыс беруге жазбаша хабарландыру жіберу жолымен қатысу мүмкіндігі туралы түсініктеме жазылуы қажет.

101. Қоғам органы мүшелерін сайлау мәселесіне қатысты материалдарда кандидаттар туралы мәліметтер болуы тиіс. Олар:

- 1) тегі, аты, қажет болған жағдайда әкесінің аты;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқарған лауазымы жөніндегі мәлімет;
- 4) кандидат біліктілігін, жұмыс тәжірибесін растайтын басқа да мәліметтер.

102. Директорлар кеңесі отырысында күн тәртібіне енгізілген мәселелер бойынша ғана шешімдер қабылданады.

Күн тәртібіне мәселені енгізуші тұлға шешім қабылданғанға дейін кез келген уақытта өзінің мәселесін күн тәртібінен алып тастауға құқығы бар және ол туралы міндетті түрде хаттамада жазылады.

103. Егер кворум болса, Директорлар кеңесінің отырысы хабарландыруда көрсетілген уақытта басталады. Отырысты Директорлар кеңесінің Төрағасы ашады.

104. Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің отырысқа қатыспайтындығын Қоғам Рectorsына бір күн бұрын хабарлауы тиіс.

105. Директорлар кеңесі отырысын өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан аз болмауы керек және Директорлар кеңесінің қатыспай отырған мүшелерінің жазбаша дауыстары болған жағдайда, олар да есепке алынуы мүмкін.

Осы тармақтың алдыңғы абзацында анықталған кворумды толтыруға Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны жеткіліксіз болған жағдайда, Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына жаңа Директорлар кеңесі мүшелерін сайлау (тағайындау) мәселесін қоюға міндетті.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқаша көзделмесе, Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі отырысына қатысып отырған мүшелердің басым даусымен қабылданады.



Дауыс беру нәтижелері тең болған жағдайда, Директорлар кеңесі Төрағасының немесе отырыста төрағалық етуші тұлғаның дауысы шешуші болады.

106. Директорлар кеңесі жабық отырыс өткізу туралы шешім қабылдауға құқығы бар және бұл отырысқа тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатысады.

107. Директорлар кеңесінің мүшесі отырысқа өзі қатыса алмаса, сондай-ақ отырыс сырттай дауыс беру жолымен өткізілген жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша өзінің пікірін жазбаша түрде баяндауға құқығы бар.

108. Директорлар кеңесі мүшесінің жазбаша пікірі Директорлар кеңесі отырысын өткізуге күнтізбелік бір күн қалғанға дейін, одан кешіктірілмей немесе отырысты сырттай дауыс беру түрінде өткізген жағдайда, сырттай дауыс берудің қол қойылған бюллетендерін қабылдаудың соңғы күнінен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.

109. Директорлар кеңесінің отырысына төрағалық етуші тұлға күн тәртібіндегі мәселе бойынша дауыс беру процесі басталар алдында отырысқа келмеген Директорлар кеңесі мүшелерінің жазбаша жазған пікірлерін міндетті түрде таныстыруы тиіс.

110. Қоғамның мүддесі бойынша ірі мәміле жасау туралы шешім Директорлар кеңесінің мәмілені жасауға мүдделі емес мүшелерінің басым дауысымен қабылданады. Егер Директорлар кеңесінің мәмілені жасауға мүдделі емес мүшелерінің саны кеңес мүшелерінің жалпы санының жартысынан аз болса, онда ірі мәміле жасау туралы шешімді Жалғыз акционердің өзі қабылдайды.

111. Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылған мәселенің шешімі Директорлар кеңесі төрағасының қалауы бойынша сырттай дауыс беру арқылы да қабылдануы мүмкін.

Директорлар кеңесінің отырысын сырттай өткізу тәртібі Қоғамның ішкі актілерімен анықталады.

112. Сырттай дауыс беру Директорлар кеңесі отырысын өткізбей де жүргізіле береді.

113. Отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сырттай дауыс беру үшін белгіленген үлгіде құрылған бюллетеньдер қолданылады.

114. Директорлар кеңесі мүшелеріне сырттай дауыс беру бюллетені және өзге де ақпарат (материалдар) пошталық байланыс, электрондық немесе басқа да байланыс арқылы жіберілуі мүмкін, немесе қолына беріледі.

115. Сырттай дауыс беру бюллетендерінде:

- Қоғамның толық атауы мен орналасқан жері;
- отырыс өткізуге бастама берген тұлға;
- Директорлар кеңесінің хатшысына сырттай дауыс беруге арналған қол қойылған бюллетеньдерді тапсыру уақыты;
- отырыстың күн тәртібі;

- дауыс беруге қойылған мәселелер және осы мәселелер бойынша дауыс беру қорытындысы;

- қабылданған шешімдер;

- өзге де мәліметтер болуы керек.

116. Директорлар кеңесінің сырттай отырысында қабылданған шешім бюллетеньдерді қабылдау белгіленген уақыттан үш жұмыс күннен кешіктірілмей жазбаша түрде ресімделуі тиіс және оған Директорлар кеңесінің Төрағасы қол қоюы қажет, сондай-ақ ол мына мәліметтерді қамтуы тиіс:

1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырыстың сырттай дауыс беру шешімін ресімдеу уақыты мен орны;

3) Директорлар кеңесінің құрамы туралы мәлімет;

4) отырыстың шақырылымын ұйымдастырған тұлға (орган) туралы ақпарат;

5) отырыстың күн тәртібі;

6) шешім қабылдауға кворумның бар-жоқтығы туралы жазба;

7) күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша дауыс беру қорытындысы және қабылданған шешімдер;

8) өзге де мәліметтер.

117. Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдер және сырттай дауыс беру қорытындылары шешімді қабылдаған мезеттен бастап жиырма күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің барлық мүшелеріне мәлім етіледі және шешімнің қабылдануына негіздеме болған бюллетеньдер де қоса жіберіледі.

118. Директорлар кеңесінің ашық отырыстарында қабылданған шешімдер отырысты өткізген күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірілмей хаттамада ресімделуі тиіс және оған отырысқа төрағалық еткен тұлға мен хаттаманы құрастырған Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюы қажет. Хаттамада мына мәліметтер болуы тиіс:

1) Қоғамның (оның Басқармасының) толық атауы мен орналасқан жері;

2) отырысты өткізу орны, уақыты мен күні;

3) отырысқа қатысқан тұлғалар туралы мәлімет;

4) отырыстың күн тәртібі;


5) дауысқа салынған мәселелер және дауыс беру қорытындысы ;

6) қабылданған шешімдер;

7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер.

119. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдер, сондай-ақ қол қойылған бюллетеньдер Қоғамның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысы отырыстың хаттамасы мен сырттай дауыс беру жолымен қабылданған шешімдерін оған танысу үшін беруге және (немесе) хаттама мен шешімнің Қоғамның Корпоративтік хатшысының қолы



қойылған үзінді-көшірмесіне Қоғамның мөртаңбасын қойып Директорлар кеңесі мүшесіне беруі тиіс.

120. Директорлар кеңесінің отырысына қатыспаған немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіпті бұзатын шешімге қарсы дауыс берген Директорлар кеңесі мүшесінің сот тәртібімен оны даулауға құқығы бар.

121. Аса маңызды мәселені қарастыру үшін және Директорлар кеңесіне ұсынымды әзірлеу мақсатында Директорлар кеңесі стратегиялық жоспарлау, кадр, сыйақы беру, ішкі аудит, әлеуметтік мәселелер жөніндегі және т.б. секілді тұрақты қызмет ететін комитеттерді құруға құқығы бар.

122. Комитеттің Директорлар кеңесі атынан әрекет етуге құқығы жоқ.

123. Директорлар кеңесінің комитеттері Директорлар кеңесі мүшелерінен және тиісті комитеттің жұмысына қажетті кәсіптік білімді игерген сарапшылардан құралады.

124. Директорлар кеңесінің мүшесі үш комитеттен артық комитетке мүше бола алмайды.

125. Қоғам Ректоры Директорлар кеңесі комитетінің Төрағасы бола алмайды.

126. Комитеттің қорытындысы ұсынымдық сипатта болады.

127. Комитет қарастырған мәселелердің нәтижелері жазбаша түрде ресімделеді және оған комитеттің отырысқа қатысқан барлық мүшелері қол қояды. Осындай жазбаша қорытынды Директорлар кеңесінің Төрағасына тапсырылады.

128. Директорлар кеңесінің Қазақстан Республикасының заңнамасының және осы Жарғының талаптары бұзылып қабылданған шешімдері Қоғам мен (немесе) Жалғыз акционердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған жағдайда, Жалғыз акционердің ол шешімдерді сот тәртібімен даулауға құқығы бар.

## 17. Қоғам Ректоры

129. Ағымдағы қызметті басқаруды Қоғам Ректоры – жеке-дара атқарушы орган жүзеге асырады.

130. Қоғам Ректоры Заңмен және осы Жарғымен Қоғамның басқа органдары мен лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселе бойынша шешім қабылдауға құқығы бар, онымен қоса:

1) заңнамада және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғам атынан мәмілелер жасайды;

2) қызметкерлердің жалпы санын, құрылымын әзірлейді және бекіту үшін Директорлар кеңесіне ұсынады;

3) Директорлар Кеңесі бекіткен Қоғамның құрылымын мен штат санын есепке ала отырып, Қоғамның штат кестесін бекітеді;

4) Қоғам қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін әзірлейді және бекітеді;

5) Қоғамның есеп және салық саясатын бекітеді.



6) Қоғамның барлық қызметкерлер үшін орындауға міндетті шешімдер шығарады және нұсқаулар береді;

7) Директорлар кеңесі бекітетін құжаттар тізіміне жатпайтын, Қоғамның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

8) Қоғамның ішкі қызметінің өндірістік мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды;

9) Қоғам Ректорының қызметіне қатысты құжаттарды әзірлейді;

10) Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

131. Қоғам Ректоры Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

132. Қоғам Ректорын тағайындау, оның өкілеттік мерзімін және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды анықтау, сондай-ақ лауазымдық айлықақының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйлықақы төлеу талаптарын айқындау, Жалғыз акционердің шешімі бойынша осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

133. Қоғам Ректорының не басқа заңды тұлғаның атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын адамның лауазымын атқаруға құқығы жоқ.

134. Қоғам Ректоры өзіне жүктелген міндеттерді адал орындауды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін қамтып көрсететін дәрежедегі тәсілдерді қолдануды тиіс.

135. Қоғам Ректоры залалдың алдын алу үшін, Директорлар кеңесінің отырысын шақыруға бастамашылық ету, Директорлар кеңесінің Төрағасын ақпараттандыру жолымен немесе басқа да қолжетімді тәсілмен Қоғам қызметін оңтайландыру үшін қажетті шараларды қолдануға міндетті.

136. Қоғам Ректоры Қоғам туралы өзіне мәлім кез-келген құпия мәліметті, оның ішінде коммерциялық және өндірістік құпияларды өзінің өкілеттік мерзімі аяқталған кезеңнен бастап үш жылға дейін сақтауға міндетті.

137. Қоғам Ректоры өзінің өкілеттігін орындау кезінде:

1) басқа заңды тұлғалардың қызметіне қатысуға;

2) өзінің шешім қабылдауына ықпал еткені үшін жанама немесе тікелей түрде сыйақы алуға.

138. Егер Қоғам тараптың атынан болған немесе болуға ниет танытқан мәмілені жасауға Қоғам Ректорының жеке қаржылық мүддесі болған жағдайда, сондай-ақ қолданыстағы не болмаса ұйғарылған мәміледегі мүдделердің бір-бірімен келіспеушілігі болатын жағдайда, ол өзінің мүддесін мәміле жасау шешімін қабылдау алдында хабарлауы тиіс.

139. Қоғам Ректорының өзге функциялары, құқықтары мен міндеттері Заңмен, осы Жарғымен, сондай-ақ Қоғаммен жасалынған еңбек шартымен

анықталады. Қоғам атынан Қоғам Ректорымен жасалынатын еңбек келісімшарты Жалғыз акционермен жасалынады.

140. Қоғам Ректоры:

1) Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамның атынан сенімхатсыз жұмыс жасайды;

3) үшінші тұлғалармен қатынаста Қоғамды өкілдік етуге сенімхаттар береді;

4) өзі болмаған жағдайда өзінің міндеттемесін Қоғам проректорының біреуіне жүктейді;

5) Қоғамның жұмыс режимін орнатады;

6) ішкі нормативтік құжаттарды бекітеді;

7) Заңмен сәйкес Қоғамның Директорлар Кеңесі алдында есеп береді;

8) Қоғамның ағымдағы және келешектегі жоспарлары мен бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етеді;

9) Қоғамның банктік және басқа да шоттарын ашады;

10) өз құзыреті шегінде бұйрықтар шығарады, өкімдер береді;

11) Қоғамның техникалық, ақпараттық – коммуникациялық және құқықтық саясатын, активтерді басқару және корпоративтік даму саясатын қалыптастыруды қамтамасыз етеді;

12) Қоғам қызметкерлерін қызметке қабылдау, басқа қызметке ауыстыру және қызметтен босатуды жүзеге асырады және Қоғамның атынан еңбек келісімшарттарын жасасады, оларға мадақтау және тәртіптік жаза қолдану шараларын қолданады, еңбегіне ақы төлеу және басқа да марапаттау мәселелерін шешу Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне берілген қызметкерлерден басқа Қоғам қызметкерлеріне сыйлықақы беру және жалақы төлеу мәселелерін қолданыстағы заңнамаға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес шешеді;

13) Заңда және (немесе) Қоғамның жарғысында көзделген, Жалғыз акционердің және Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

141. Қоғам Ректорының қызметін Директорлар кеңесі бақылайды. Қоғам Ректоры есептерді әзірлейді және Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады, есептерде мына мәселелер сипатталады:

1) Қоғам қызметінің келешектегі кезеңге арналған даму стратегиясы;

2) Қоғамның болжамды саясаты мен болашақта басқарудың негізін қалаушы мәселелер (егер мәселені өзгерту есепті ұсынуды кідіріссіз кезек етпесе жылына бір реттен кем емес);

3) Қоғамдағы іс-жағдайлар;

4) Қоғамның табыстылығы мен өтімділігі үшін аса маңызды қызмет (осы жұмыстың басталуына дейін уақтылы ұсыну, себебі Директорлар кеңесі ол туралы пікір мен қорытынды жасауы немесе рұқсат етуі тиіс).



142. Қоғам Ректоры Директорлар кеңесінде Қоғам атынан өкілдік етеді. Ол заңға, Жарғыға немесе Директорлар кеңесінің тиісті шешіміне сәйкес әрекет етеді, Директорлар кеңесін Қоғамдағы жағдайы туралы хабардар етеді.

143. Қоғам Ректоры Қоғам үшін аса маңызды сипаттағы барлық мәселелер туралы Директорлар кеңесінің Төрағасына ауызша немесе жазбаша түрде кідірместен баяндауға міндетті.

### 18. Ішкі аудит қызметі

144. Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметін бақылауды, ішкі бақылау саласындағы бағалауды жүзеге асыру, қауіп-қатерді басқару, корпоративтік басқару саласындағы құжаттарды орындау мақсатында Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Қоғамның Директорлар кеңесі құрамына сайлана алмайды.

145. Ішкі аудит қызметі тікелей Директорлар кеңесіне бағынады және оған өзінің қызметі жөнінде есеп береді. Ішкі аудит қызметінің міндеті мен функциясы, құқығы мен жауапкершілігі және жұмыс тәртібі Директорлар кеңесі бекітетін Ішкі аудит қызметі туралы ережемен анықталады.

146. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесі белгілеген тәртіп бойынша:

1) Директорлар кеңесіне Қоғам қызметі туралы тәуелсіз нақты ақпаратты ұсынады;

2) жүйелі және сатылы тәсілді қолданып, қауіп-қатерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруге жәрдемдеседі және кеңес береді, бағалау жүргізеді;

3) Ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес өзінің құзыретіне кіретін басқа да функцияларды жүзеге асырады.

### 19. Қоғамның лауазымды тұлғалары

147. Қоғамның лауазымды тұлғалары (Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері және Қоғам Ректоры):

1) өздеріне жүктелген міндеттерді адал орындайды және Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделерін көрсететін тәсілдерді қолданады;

2) Қоғамның мүлкін осы Жарғыға, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдеріне қайшы, сондай-ақ жеке мақсатта пайдаланбауы немесе қолданбауы және өзінің үлестес тұлғаларымен келісім жасау барысында оны теріс мақсатта пайдаланбауы тиіс;

3) бухгалтерлік есептің және қаржылық есептілік жүйелерінің толықтығын, сондай-ақ тәуелсіз аудит өткізуді қамтамасыз етуге міндетті;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашу және ұсыну жұмысын бақылайды;



5) Қоғам қызметі туралы ақпараттың құпиялығын сақтайды және Қоғамның ішкі құжаттарында басқаша көрсетілмесе, Қоғамда өз қызметін тоқтатқан уақыттан бастап үш жылға дейін оның құпиялығын сақтайды.

148. Директорлар кеңесі, Басқарма төрағасы және Қоғам Ректоры Қоғамға келтірген зияндары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты, онымен қоса олар:

1) жаңылыстыратын немесе әдейі жалған ақпарат бергені үшін;

2) ақпаратты берудің қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртібін бұзғаны үшін жауапты.

Қоғам Жалғыз акционердің шешімі негізінде лауазымды тұлғаның Қоғамға келтірген зиянды немесе шығынды өтеуі жөнінде сотқа шағымдануға құқылы.

Шығынға ұшыратқан Қоғамның органы немесе Жалғыз акционер қабылдаған шешімге қарсы дауыс берген, не болмаса дауыс беруге қатыспаған Қоғамның лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады.

## 20. Есеп, есептілік және аудит

149. Қоғамдағы бухгалтерлік есеп жүргізу және қаржылық есептілік құрастыру Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес іске асырылады.

150. Жылдық қаржылық есептілік Жалғыз акционердің қарауына берілетін күннен отыз күнтізбелік күн бұрын алдын-ала бекіту үшін Директорлар кеңесіне берілуі тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін соңғы толық бекіту туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

151. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін өткізуге міндетті.

Қоғам аудиті Директорлар кеңесінің, Қоғам Ректорының бастамасымен Қоғам қаражаты есебінен немесе Жалғыз акционердің талап етуі бойынша өз қаражаты есебінен өткізіледі. Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды өзі анықтауға құқылы.

Егер аудит Жалғыз акционердің талабы бойынша өткізілетін болса, Қоғам аудиторлық мекеме сұраған барлық қажетті құжаттамаларды (материалдарды) беруге міндетті.

Егер Қоғам Ректоры Қоғамда аудитті өткізуден бас тартса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талабы бойынша сот шешімімен белгіленуі мүмкін.

Қоғамның статистикалық есебі және есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүргізіледі.

## 21. Қоғамның ақпаратты ашуы. Қоғам құжаттары

152. Қоғам өзінің қызметі туралы ақпаратты ғаламтор жүйесіндегі Қоғамның WEB-сайттында және (немесе) «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жариялайды.

1. Қоғам өзінің Жалғыз акционері мен инвесторларының назарына Қоғамның мынадай корпоративтік оқиғалары:



1) Жалғыз акционердің қабылдаған шешімдер;  
 2) Директорлар кеңесі мәселелер тізбесі бойынша қабылдаған шешімдер, бұл мәселелер туралы ақпарат Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Жалғыз акционердің және инвесторлардың назарына жеткізілуге тиіс;

3) Қоғамның акциялар мен басқа да бағалы қағаздарды шығаруы және уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есептерін, Қоғамның бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы есептерін бекітуі, уәкілетті органның Қоғамның бағалы қағаздарының күшін жоюы;

4) Қоғамның ірі мәмілелерді және бір мезгілде мынадай талаптарға жауап беретін: жасалуында Қоғамның мүдделілігі болған табылатын және Қоғамның уәкілетті органы осындай мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдаған күнге құны қоғам активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің он және одан да көп пайызын құрайтын мүлікті иеленуге немесе иеліктен шығаруға байланысты мәмілелерді жасасуы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.

Нәтижесінде қоғам активтері мөлшерінің он және одан да көп пайызы сомасына мүлік иеленетін не иеліктен шығарылатын мәмілені жасасу туралы ақпарат мәміленің тараптары, иеленетін немесе иеліктен шығарылатын активтер, мәміленің мерзімдері мен талаптары, тартылған адамдардың қатысу үлестерінің сипаты мен көлемі туралы мәліметтерді, сондай-ақ, бар болған жағдайда мәміле туралы өзге де мәліметтерді қамтуға тиіс;

5) осы Қоғам активтерінің бес және одан да көп пайызын құрайтын сомаға Қоғамның мүлкін кепілге (қайта кепілге) беруі;

6) Қоғамның өз капиталының жиырма бес және одан да көп проценті болатын мөлшерде Қоғамның қарыз алуы;

7) қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның рұқсаттар алуы, қызметтің қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға Қоғамның бұрын алған рұқсаттары қолданысының тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы;

8) Қоғамның заңды тұлға құруға қатысуы;

9) Қоғам мүлкіне тыйым салынуы;

10) нәтижесінде баланстық құны Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан да көп проценті болатын Қоғам мүлкі жойылған төтенше сипаттағы мән-жайлардың туындауы;

11) Қоғамның және оның лауазымды адамдарының әкімшілік жауапқа тартылуы;

12) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалуы;

13) Қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешімдер;

14) Қоғамның жарғысына, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздар шығару проспектісіне сәйкес Қоғам акционерлерінің және инвесторлардың мүдделерін қозғайтын өзге де оқиғалар туралы ақпаратты жеткізуге міндетті.



153. Қоғам депозитарийдің интернет-ресурсында Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес айқындалған қаржылық есептілікті, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және аудиторлық есептерді, акционерлік қоғамдардың үлестес тұлғаларының тізімін, сондай-ақ жыл қорытындылары бойынша атқарушылық орган мүшелері сыйақысының жиынтық мөлшері туралы ақпаратты уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде орналастыруды қамтамасыз етеді.

154. Корпоративтік оқиғалар туралы ақпарат беру осы Заңға және қоғамның жарғысына сәйкес жүзеге асырылады.

155. Егер Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында ақпаратты жариялау (Жалғыз акционердің назарына жеткізу) мерзімдері көзделмесе, осы ақпарат пайда болған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жарияланады (Жалғыз акционердің назарына жеткізіледі).

156. Жалғыз акционерге сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғалғаны туралы ақпарат соттың корпоративтік дау жөніндегі азаматтық іс бойынша тиісті хабарламасын (шақыруын) Қоғам алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде берілуге тиіс.

157. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпия мәліметтерді білетін Қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті түрде жасауды қамтамасыз етеді.

158. Қоғам қызметіне қатысты құжаттар Қоғам қызмет ететін мерзім ішінде Қоғам Ректорында немесе Қоғам Ректоры шешімі бойынша өзге жерде сақталады.

Сақталуы тиіс құжаттар:

1) Қоғамның жарғысы, қоғам жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

2) құрылтай жиналысының хаттамалары;

3) жалғыз құрылтайшының шешімі, жалғыз құрылтайшының шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;

4) Қоғамның белгілі бір қызмет түрлерімен айналысуына және (немесе) белгілі бір әрекеттер (операциялар) жасауына рұқсаттар;

5) Қоғамның өз балансында тұратын (тұрған) мүлікке құқығын растайтын құжаттар;

6) Қоғамның бағалы қағаздарын шығару проспектілері;

7) Қоғамның бағалы қағаздар шығаруын мемлекеттік тіркеуді, бағалы қағаздардың күшін жоюды растайтын құжаттар, сондай-ақ Қоғамның бағалы қағаздарын орналастыру мен өтеу қорытындылары туралы уәкілетті органға табыс еткен есептерін бекіту;

8) Қоғамның филиалдары мен өкілдіктері туралы ереже;

9) акционерлердің жалпы жиналыстарының хаттамалары, ауыс беру қорытындылары туралы хаттамалар мен бюллетеньдер (оның ішінде



жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), акционерлердің жалпы жиналыстарының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;

10) акционерлердің жалпы жиналысын өткізу үшін табыс етілген акционерлер тізімі;

11) Директорлар кеңесі отырыстарының (сырттай өткізілген отырыстар шешімдерінің) хаттамалары мен бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз деп танылған бюллетеньдер), директорлар кеңесінің күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдар;

12) атқарушы орган отырыстарының (шешімдерінің) хаттамалары;

13) бар болған жағдайда, корпоративтік басқару кодексі сақталуға тиіс.

14) Басқа да құжаттар, оның ішінде Қоғамның қаржылық есептері заңнамада белгіленген мерзім бойы сақталады.

159. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам оған Қоғам Рectorsы бекіткен құжаттардың көшірмелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте беруге міндетті. Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын басқа да құпия құжаттарды бермеуге рұқсат етіледі.

160. Қоғам қызметі туралы «Құпия», «Қызмет бабында қолдану үшін» деген таңбалары бар ақпарат Жалғыз акционерге мәлім болса, үшінші тұлғаға жазбаша немесе басқа түрде берілмейді. Аталған ақпаратқа ие Жалғыз акционер оны құпия түрде сақтауы міндетті. Құпия мәліметті ашу тек Қоғам Басқармасы рұқсатымен шешіледі. Ал Қоғам Рectorsының рұқсаты болмаған жағдайда, Жалғыз акционер Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

161. Қоғам өзінің тұлғалары ұсынған мәліметі негізінде, Қоғамның аффилиирленген тұлғаларын есепке алуды жүргізеді.

162. Қоғам Рectorsына Жалғыз акционер мен Қоғамның лауазымды тұлғалары өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты олар пайда болған уақыттан бастап жеті күн ішінде хабарлайды.

163. Жалғыз акционердің немесе Қоғамның лауазымды тұлғасының аффилиирленген тұлғалары аффилиирленген тұлға болуын тоқтатса, Жалғыз акционер немесе Қоғамның лауазымды тұлғасы Қоғам Рectorsына бес күндік мерзімде ол туралы хабарлайды.

Қоғам Рectorsына аффилиирленген тұлғалар туралы ақпарат бағалы қағаздар нарығын реттейтін және қадағалайтын мемлекеттік орган бекіткен тиісті үлгі бойынша ұсынылады.

### 23. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

164. Қоғам өз мүлкі шегінде өзінің міндеттемелері бойынша жауапты.

165. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемесі бойынша жауапты емес.

166. Жалғыз акционер Қоғам міндеттемелері бойынша жауапты емес.

Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Қоғам қызметіне қатысты және тиісті акционерлер мен акционерлердің қызығарыныстарына қатысты мәліметтерді тартады.



## 24. Қоғамды қайта ұйымдастыру

167. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес қайта ұйымдастырылады (бірігу, қосылу, бөлу, шығу, қайта құру).

168. Қайта ұйымдастыру ерікті немесе күштеу түрінде ұйымдастырылуы мүмкін.

169. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда сот органдары шешімі бойынша Қоғам күштеп қайта ұйымдастырылады.

## 25. Қоғамның жойылуы

170. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес Қоғамды ерікті жою туралы шешім қабылдайды.

171. Қоғамды күштеп жою мәселесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайда сот тәртібімен шешіледі.

172. Сот және Жалғыз акционердің Қоғамды жою туралы шешімі негізінде жою комиссиясы құрылады.

173. Жою комиссиясы Қоғамды жою кезінде оны басқару өкілеттігіне және тізімі Қазақстан Республикасының заңнамасымен анықталған іс – қимылдарды жүзеге асыру құқығына ие болады.

174. Қоғамды жою рәсімі және оның кредит берушілерінің талаптарын қанағаттандыру тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

175. Қоғам жойылған жағдайда оның жарияланған, оның ішінде үлестірілген акцияларының күші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жойылады.

176. Қоғам жойылған жағдайда Қоғамның мүліктерін үлестіру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

## 26. Қорытынды ережелер

177. Егер осы Жарғының қандай да бір ережесі жарамсыз болып табылса, ол қалған ережелердің жарамдылығына әсер етпейді. Жарамсыз ереже Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына жауап беретін басқа ережемен ауыстырылады.

178. Осы Жарғы әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Үкілетті тұлға



С. Сейтжанов



2018 ж. 19. 02      МЕН, КР ӨМ-НІҢ ТІРКЕУ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ  
 ҚҰРБЫТҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ КОМИТЕТІ БЕРГЕН 30.12.2009 Ж.  
 № 0002819 ЛИЦЕНЗИЯСЫ БОЙНШЕ НОТАРИУСЫ МУСАЕВА А.Е.  
*Салтанатқызы Сәрижамова*  
 МЕНІҢ ҚҰЗІМШЕ ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛЫҢЫҢ ТҒАЖУСҚАЛЫҒЫҢ ҚУВЛАНДЫРАМЫН.  
 ОНЫҢ ЖЕКЕ АСЫ АНЫҚТАЛДЫ, ОНЫҢ ОҚИЛЕТІКТЕРІ ТЕКСЕРІЛДІ.  
 "19" 02 2018 ГОДА Я. МУСАЕВА А.Е., НОТАРИУС, ЛИЦЕНЗИЯ  
 № 0002819 ОТ 30.12.2009 Г., ВЫДАНА КОМИТЕТОМ РЕГИСТРАЦИОННОЙ СЛУЖБЫ  
 И ОКАЗАНИЯ ПРАВОВОЙ ПОМОЩИ МИНИСТЕРСТВА ЮСТИЦИИ РК,  
 СВИДЕТЕЛЬСТВУЮ ПОДЛИННОСТЬ ПОДПИСИ  
*Салтанатқызы Сәрижамова*  
 КОТОРАЯ СДЕЛАНА В МОЕМ ПРИСУТСТВИИ, ЛИЧНОСТЬ ПРЕДСТАВИТЕЛЯ  
 УСТАНОВЛЕНА, ПОЛНОМОЧИЯ ЕГО ПРОВЕРЕНА.  
 ҚАЗІМДЕ ТІРКЕЛДІ М *1046*      ПО РЕЕСТРУ  
 ТӨЛЕНГЕН СОМА *1046*      ОПЛАЧЕНО  
 НОТАРИУС *Муса*



НӘМІРЛЕНГЕН САУЛАНҒАН  
 МӨРМЕН БЕКІТІЛГЕН.  
 ПРОШНУРОВАНО, ПРОНУМЕРОВАНО  
 И СРЕДЛЕНО ПЕЧАТЮЮЩИМ ЛИСТОВ.  
 Нотариус *Муса*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ  
 ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ  
 ШЫҢКЕНТ ҚАЛАСЫ ӨЛ-ФАРАБИ АУДАНДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 2018 ж. 11. 02      *Ақпан*      ЗАҢДЫ  
 ТҰЛҒАҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҰРГІЗІЛДІ  
 БСН *99104 000 3556*  
 № *000-1028-01-11*      күнлік  
 Алғаш тіркелген күні *1998 ж. 11. 10*